



Бастау

Қоғамдық-саяси апталық газет
1999 жылғы 28 маусымнан шыға бастады

Еженедельная общественно-политическая
газета. Издаётся с 28 июня 1999 года

№ 13 (859)

3 сәуір 2015 жыл

Жұма

К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ РАЙОНА!

В рамках празднования 20-летия Ассамблеи народа Казахстана, 70-летия Победы в Великой Отечественной войне, 20-летия Конституции Республики Казахстан **13 апреля 2015 года** в район прибывает поезд «**Менің Қазақстаным**», в составе которого представители социальных служб, здравоохранения, банковской сферы, деятели культуры, спорта.

В программе встречи поезда:
09.00 час. - торжественная церемония встречи поезда на железнодорожном вокзале;

10.00 час. - 17.00 час. - работа «общественных приемных»: консультации по вопросам.

Общественная приемная Совета общественного согласия - Актовый зал Каратальского районного филиала партии «Нур Отан». 10.00 час.

Консультации по социальным вопросам: Здание районного отдела занятости и социальных программ. 10.00 час.

- участия в Дорожной карте занятости - 2020-

- по вопросам адаптации и интеграции оралманов в Казахстанское общество

- пенсионного обеспечения, выплат пособий по инвалидности, по случаю потери кормильца и по возрасту и социальных выплат из АО «ГФСС»

- По вопросам защиты трудовых прав работников

- По вопросам интеграции инвалидов в социум

- По вопросам оказания социальной помощи

Консультации по вопросам: Здание отдела юстиции района. 10.00 час

- по вопросам технической инвентаризации;

- по регистрации прав на недвижимое имущество;

- по исполнительному производству;

- по вопросам регистрации актов гражданского состояния;

- по вопросам регистрации юридических лиц;

- по вопросам адвокатуры и нота-

риата.

Консультации по медицинским вопросам: Здание Каратальской районной больницы. 10.00 час.

- индивидуальный прием пациентов, консультации республиканских и местных врачей,

Консультации по вопросам бизнеса и сельского хозяйства: Здание отдела сельского хозяйства района. 10.00 час.

- пропаганда предпринимательства;

- информационное освещение финансовых и нефинансовых мер поддержки предпринимательства (сервисная поддержка предпринимательства);

- разъяснение деятельности Национальной палаты предпринимателей, вопросов по членским взносам;

- освещение работы Центров по поддержке предпринимателей, разъяснение законодательства в сфере предпринимательства.

Также будут организованы такие мероприятия как:

- **встреча с молодежью** в целях пропаганды престижа рабочих профессий - Актовый зал Бастобинского сервисно-технического колледжа. 10.00 час.

- **акция «Подари родному городу дерево»** - Центральный парк города Уштобе. 10.00 час.

- **игры КВН на государственном языке** - Районный Дом культуры. 15.00 час.

- **встреча с лучшими педагогами региона** - Актовый зал средней школы №13. 15.00 час.

- **организация фото/книжной выставки «Менің Елім-Менгілік Ел!»** - Фойе районного Дома культуры. 10.00 час.

- **акция «ПАМЯТЬ ВО ИМЯ БУДУЩЕГО»**, посвященная депортации народов в Казахстан - С.Бастобе, митинг на площади у памятника «Қазақ халқына мың алғыс». 14.30 час.

Концерт звезд казахстанской эстрады. Центральная площадь города Уштобе. 18.00 час.

Оргкомитет

Кеше аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында ауданда қант қызылшасын, көкөніс өсіру, баптау және минералды тыңайтқыштарды, гербицидтерді қолдану, техниканы лизингке алу мәселелері бойынша семинар кеңес өткізілді.

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Басқосуға қала, ауыл әкімдері, мемлекеттік мекеме басшылары, ауылшаруашылық құрылымдары, шаруа қожалықтарының иелері, қоғамдық ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты. Сонымен қатар жиынға облыс тарапынан шақырылған қонақтардың арасында Алматы облысы әкімінің егін шаруашылығы бойынша кеңесшісі Абулхайыр Бексұлтанов, «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» ММ облыстық филиалының директоры Бақберген Атантаев, КОС АГРОКОМЕРЦ өкілі Рустам Токтаев, «ҚазАгроФинанс» АҚ директоры Ержан Ұстаев, «Жетісу» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы «Ұлттық компания» АҚ өкілі Данияр Медетбеков, Көксу қант зауытының директоры Алтынбек Абатов, «Сингента Қазақстан» ЖШС-ның менеджері Әділ Есімов қатысты.

Келелі басқосуды аудан әкімі Қайрат Бисембаев ашып, жиынның мақсатымен таныстырды. Өз кіріспе сөзінде Қайрат Әшірәліұлы қатысушылардың атынан келген қонақтарға ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, биылғы жылы Елбасы тапсырмасына

сәйкес Алматы облысы 4600 гектар жерге қант қызылшасын егуге тиіс болса, Қаратал ауданы бойынша бұл көрсеткіш - 560 га екендігін жеткізді. «Осы жоспар орындалуы қажет», - деген аудан әкімі былтырғы жылдары қызылша еккен азаматтардың көптеген қиындықтары қайталанбас үшін ауданымызда бірқатар жұмыстар жүргізіліп жатқанын тілге тиек етті. Айтар болсақ: техника, су ташылығы, сапалы тұқым, қант зауытының уақытылы есептесуі, тыңайтқыш, субсидия т.б. мәселелер.

Семинарда негізгі баяндаманы Абулхайыр Бексұлтанов жасады. Ол қант қызылшасын өсірудегі агротехнологиясының қыр-сырымен жете таныстырды. Мінбеге көтерілген облыстан келген азаматтар өз тараптарынан ақпараттар беріп, жиналғандардың көптеген сұрақтарына жауап берді.

Семинар жұмысын аудан әкімінің орынбасары Жәнібек Тасыбаев қорытындылады.

Сарқыт ДӘРКЕНБАЕВА

ОЖИДАЕТСЯ ДОРОЖНЫЙ РЕМОНТ

В нашу редакцию часто поступали вопросы читателей, касающиеся ремонта дорог. Как нам сообщил и.о. руководителя районного отдела пассажирского транспорта и автодорог Галымбек Ибраев, в этом году на средний ремонт улиц Железнодорожная, Молдагуловой, Исаева, Нурмуханбетова города Уштобе из местного бюджета выделено порядка 83-х миллионов тенге.

Кроме этого, почти 54,5 миллиона предусмотрено для текущего ремонта ряда улиц населенных пунктов района. Много вопросов наших читателей касались дорожных знаков. Нам стало известно, что для этих целей выделен один миллион тенге. На 4 перекрестках в скором времени, вместо прежних, появятся 60 диодных светофоров. Для этих целей предусмотрено выделить 12,9 млн. тг.

Все работы начнутся в мае. Ожидается ремонт дорог местного значения. Так, будут капитально отремонтированы два моста по дороге к кирпичному заводу, на что выделены средства в размере 154,6 миллионов тг. Более 4,5 миллионов выделены на текущий ремонт 38-ми километров трассы в сторону Крушдаласы. Около 15 млн. пойдут на ремонт 46 километров трассы Талдықорган-Уштобе-Бижи-Мукры, а на текущий ремонт дороги Уштобе-Алматы-Копберлік планируется потратить чуть более 4 миллионов тенге и 1,8 миллиона для ремонта трассы Тастобе-Бесагаш. На летнее содержание наших дорог выделено порядка 10 миллионов тенге, и более 19 млн. - на зимнее.

А. БУЛАВИН



ТАЛ ЕГУ КҮНІ

Өткен дүйсенбіде аудан әкімі Қайрат Бисембаев өзінің кезекті лездемесінде сәуір айының бір күнін белгілеп, «Жасыл желек - өңір көркі» атты көшет отырғызу жұмыстары жүргізілсе, бір мезеттік емес, жыл сайын асыға күтетін көпшіліктің мерекесіне айналса, ауылдар мен елді мекендерімізде жасыл желектер жайқалып, ажарлана түссе деген келелі ұсынысын басып айтты.



Очистим наш город!

Во исполнение постановления акима Алматинской области № 128 от 13 марта 2015 года во всех населенных пунктах области с **15 марта по 15 мая** объявлен весенний месячник по санитарной очистке. Просим Вас привести прилегающие территории в надлежащий порядок и чистоту. Владельцам частных домовладений также необходимо навести порядок, провести побелку, поправить и покрасить заборы, углубить и очистить арыки, вывезти мусор на городской полигон.

В течение месячника каждая среда недели объявляется «Чистой средой», а каждая суббота - общегородским субботником. Убедительно просим всех уштобинцев принять активное участие в наведении чистоты в нашем городе.

Аппарат акима города Уштобе

В каратальском управлении по защите прав потребителей прошел круглый стол, на тему: «Проблемные вопросы в сфере образования». Его участниками являлись представители районного отдела образования, правоохранительных органов, родительского комитета, директора школ и другие.

Образование должно быть качественным

Выступивший в начале заседания руководитель районного управления по защите прав потребителей Владимир Маркевич отметил, что образование, это одно из направлений, имеющее для казахстанцев, первоочередное значение. Поэтому, в первую очередь всегда необходимо уделять пристальное внимание его качеству. Ведь только надлежащее его развитие способно давать положительные результаты.

Далее, перед собравшимися выступил начальник районного отдела образования Асхат Бейсбаев, которым поднималась проблема, связанная со сдачей ЕНТ. По его словам, очень часто преподаватели ставят ученикам завышенные оценки. Потому и получается, что из изрядного количества претендентов на звание «Алтын белгі» надлежащий уровень при прохождении тестирования набирают лишь единицы. Таких нарушений не должно происходить. Следовательно, надо не завышать оценки, а давать

учащимся реальные, качественные знания, которые им в действительности в дальнейшем пригодятся. Также, выступающим поднимались и другие проблемные вопросы, связанные с образованием.

Далее, свой вопрос присутствовавшим задала ведущий специалист управления по защите прав потребителей Кунчекер Сайтбаева, которую интересовало возникновение конфликтов в школах между учителями и учениками и способы их разрешения. По



словам представителей РайОО, такие ситуации в образовательных учреждениях в последнее время стали возникать крайне редко. Сейчас, по большому счету отношения между детьми и взрослыми выстраиваются на взаимоуважении. Немного позже, слово для выступления было предоставлено начальнику административной полиции майору Женису Маликбазарову, который вкратце рассказал о правонарушениях, происходящих в школах. Прежде всего, им указывалось на хищение мобильных телефонов, которые впоследствии очень трудно найти и вернуть законным владельцам. Потому, он обратился и к родителям, и к руководителям учебных учреждений, чтобы они призвали детей к бдительности и неустанно вели с ними усиленную воспитательную работу.

В завершении, участники мероприятия сошлись во мнении, что к проблеме образования нельзя подходить врозь. Здесь нужно действовать сообща. Только тогда будут достигнуты желаемые цели.

Н. ПРОВОДИНА





Күллі ел болып дүбірлетіп тойлағалы жатқан Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейлі мерекесі де күн санап жақындап келеді. Осы тарихи датаға орай әкем - соғыс ардагері Оразбай Құлбайұлы жайлы сыр бөліскім келеді.



Әкем Оразбай 1919 жылдың қазан айында Қаратал өңіріндегі «Ұмтыл» ауылында дүниеге келген. Жастайынан анасынан айырылып, әкесі Құлбай атам жетелеп жүріп тәрбиелеп, ауылдық мектепке оқуға берген. Мектепті ойдағыдай аяқтаған тұста жалғыз жанашыры - әкесі қайтыс болады. Жасөспірім бала жетімдер үйінде тәрбиеленіп, ер жетеді. 18-19 жасында әскери міндетін атқаруға шақырылып, Украина жерінде борышын өтеп жүргенде, сұрапыл соғыс басталып кетеді. Бозбала жігіт соғысқа аттанады. Бірнеше дүркін алғы шепте жүріп, ақыры 1943 жылы қолынан ауыр жараланып, ауруханаға түседі. Сол кезде елге «өлді» деген қаралы хабар келеді. Ел - жұрты 40 күндік ас мәзірін өткізіп қойған соң, әкем елге аман-сау оралған екен. Осындай жағдайлар сол кезде жиі болмаса да, орын алып тұрған екен. Елге келіп, жұмыс қолы тапшы еңбек майданына кірісіп кетеді. Ол малшаруашылығының басшы маманы, оның көмекшісі, басқа да ауыл тірлігінің бар жұмысына белсене атсалысады. Еңбекте алда болып, талай мемлекет наградларының иегері атанады. Ауылда жүріп анамыз Сексенбайқызы Ризамен отау құрады. Екеуі өмірдің ашы-тұшы дәмін бірге татады. Қызығынан қиындығы басым болған жастық шақтарының бар жақсылығы қыздары мен ұлдары, немерелері болды. Оларға бар мүмкіндіктерін жасады, жоғарғы білім беруді өздеріне мақсат етті. Ол армандары орындалды.

ӘКЕЛЕР ДАҒҚЫ МӘҢГІ ЕСТЕ

Соғыс салған зардаптардың әсерінен денсаулығы сыр берген, әкем 70 жасында өмірден озды. Бүгін де бала - шағасына ие болып қалған анамыз 90-нан асты, қарашаңырақ иесі Бекет пен Жанардың қолында, немере-шөберелеріне Ұлы Отан соғысына қатысқан Оразбай аталарының ерлігі жайлы әңгімелеуден шаршамай, жары көре алмай кеткен жеңістің 70 жылдық мерей тойын көрсем деп үміттенеді. Әкеміз Оразбай өте турашыл, адал, ұстамды, жомарт жан еді. Оразбай атамның сияқты жүректен оқ тесіп, тілерсектен от кешіп Отан қорғаған, табанынан сыз өтіп, ауыр еңбекті қасқая атқарған барлық ардагер апа-аталарымыздың батырлығы мен батылдығы, олардың даңқын ұлықтар ұрпағы барда мәңгі өшпек емес!

Қантай ОРАЗБАЙ, әдіскер-ұстаз, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі.

Интересные факты о Великой Отечественной

История одной фотографии

Это фото, носит название «Комбат» и редко встретишь человека, который не видел его ранее. Фото не постановочное и не является кадром из фильма. Этот человек погиб через несколько секунд после того, как был сделан снимок. 12 июля 1942 года возле села Хорошее фотограф Макс Альперт успел сделать снимок человека, поднявшего роту солдат в атаку, и тут же осколок снаряда разбил камеру. Фотограф решил, что кадры испорчены и не стал записывать имя человека, которого сфотографировал. Уже позже, проявляя пленку, он увидел, что кадр получился превосходным.

Личность человека на фото через некоторое время определили - его звали Алексей Гордеевич Еременко. Вот что рассказал о тех событиях очевидец, Александр Матвеевич Макаров: «Фашисты бросались в атаку за атакой. Было много убитых и раненых. Наш сильно поредевший полк отбивал уже десятую или одиннадцатую атаку. Гитлеровцы лезли напролом к Ворошиловграду (Луганску), до которого оставалось около тридцати километров. К концу дня был ранен командир роты. После ожесточенной бомбёжки, при поддержке танков и артиллерии, фашисты пошли в очередную атаку. И тогда, поднявшись во весь рост, со словами: «За мной! За Родину! Вперед!», Еременко увлек за собой роту навстречу целям гитлеровцев. Политрук погиб, но атака была отбита». Несмотря на то, что Алексей Еременко имел должность младшего политрука, мир запомнил его как безымянного комбата. Дело в том, что возясь с разбитым аппаратом в окопе, фотограф некоторое время не следил за обстановкой, но



услышал, как по цепи передали: «Комбата убили». Имя и должность командира остались автору неизвестны, но услышанное дало впоследствии повод назвать снимок именно так. Не бывает безымянных героев - бывают герои, чьи имена были забыты потомками.

По материалам электронных СМИ

Жазылған жайдың жалғасы

Қолына қалам ұстап, жан сырын, нәзік сезімін, жүрек тебіренісін ақ қағазға несерте төгетін қараталдық ақындардың арғы-бергі тарихында бөріктілер (Сатыбалды, Ордаш, Нұрқасым, Назар, Қайрат т.б.) көп болатын да, көріктілер ілеуде біреу ұшырасатын. Сол арпа ішінде бір бидайға айтар ойы ұшқыр, қаламы жүйрік Гүлайым қарындасымызды жатқызсақ жарасымды-ақ. Бүгінгі таңда «Талдықорған» газеті редакторының орынбасары міндетін атқара жүріп, журналистік қызметі мен ақындық өнерін қатар ала жүргеніне тәнті әрі риза боласың. Өзінің ұшқан ұясы Қаратал десе ішкен асын жерге қоятын, еміреніп, елжіреп кететін Гүлайым «Жасай бер, Қараталым» арнауында «Жаса, жаса, мәңгілік, Қараталым, атың сай ардақты азаматың», - деп тебіренгені бар. Туған жерге, оның жайсаң азаматтарына арналған жырлары бір шоғыр.

КӨРІКТІ ҚЫЗДЫҢ КӨРКЕМ ДҮНИЕСІ

Басылымның өткен жылғы санында (22.08.2014 ж.) «Жаңа кітап» айдарымен жерлес ақын қарындасымыздың облыс әкімдігінің қолдауымен жарық көрген «Күн сүйген гүл» (Алматы, 2014 ж.) атты жыр жинағына «Пәк сезім, ақ тілек» деген шолу әрі танымдық мақаламыз жарияланып еді. Кітаптың беташарында «Жанарым байланғанда реңіңе жыр ұялар қиядан жүрегіме. Күн сүйген гүл, мен сен ғой білесің бе, еліткен шуағы мол жыр еліне?», - деп ағынан ақтарылған ақын жинағы бүгінгі таңда аудан мектептері ұстаздарына жол тартты. Осы орайда

жерлес ақын туындысының өз оқырманын табуға жанашырлық танытып отырған аудандық білім бөлімінің басшысы А. Бейісбаев пен бөлімнің бас маманы Н. Ынтыбекова мен мектеп директорларына айтар алғысымыз, білдірер ілтипатымыз ерекше-ақ. Осындайда қазақ поэзиясының Құлагері Ілияс Жансүгіровтің «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді», - деген қағидалы сөзі ойға оралады.

Әдетте айтылатын жақсы кітап өтпей жатады емес, оқырманына жетпей жатады деген пікірдің жаны бар. Қалай десек те, бүгінгідей ғаламторлық, интернеттік

жүйе белең алған тұста жастарымыздың көркем әдебиетті, онда да поэзиялық туындыны ден қойып оқитындар қатары сирексіп қалғаны бұлтұртпас шындық. Ал мұның соңы ұлтымыздың рухани құлдырауына апарып соқтыратыны белгілі. Оған жол бермес үшін ұлтжанды әрбір ата-ана, білім мекемелерінің ұстаздары (әсіресе қазақ тілі мен әдебиет пәнінің) жас ұрпақты жастайынан кітапты сүйіп оқуына, жазушылар мен ақындарымыздың туындыларын жетік білуге баулып, тәрбиелеуі қажет. Сонда ғана мәдениетті, білімді, ұлтын сүйер ұрпақ қалыптасады. Ал бұл санаттағылар еліміздің ертенгі бетке ұстары әрі тірегі саналса керек. Демек, көркем әдебиет - жас ұрпақ тәрбиесінің басты құралы.

Қазағымның өлеңі туралы ақын «Бар бойына жинап тілдің құнарын, ел бақыты қандыратын құмарын. Өлеңменен қазақ бірге өрілген, өлеңдерден ізде елдің тағдырын», - деп сипаттама береді. Олай болса, сулулық, ізгілікті жаны сүйетін жерлес ақын қарындасымыздың жүрек жарды жырларынан тұратын «Күн сүйген гүл» өлең кітабымен тезірек табысып, рухани жандүниемізді байытуға асығайық, ағайын!

Қ. ҚОНЫСҰЛЫ.

С февраля текущего года, в Каратальском районе начала действовать бесплатная служба «Инвтакси», по оказанию транспортных услуг людям с ограниченными возможностями.

Инвтакси в действии



Как отметил руководитель общественного объединения «Алпамыс» Берик Ибраев, для качественной перевозки инвалидов, испытывающих затруднения при передвижении, на базе их организации функционирует диспетчерская служба. А оборудованный всем необходимым автотранспорт находится на балансе жилищно-эксплуатационной службы. Пока шел наш разговор, инвтакси доставило к зданию данного учреждения сразу несколько инвалидов-колясочников. За «штурвалом» новенького авто сидел инвалид третьей группы Тулеутай Садвакасов. Сейчас ему 53 года, но выглядит он гораздо моложе своих лет. Лицо его освещала полная юношеского задора, спокойная и добрая улыбка. Позже, водитель признался, что всегда очень любил свою работу. До того, как более двадцати лет назад он получил инвалидность, ему приходилось водить и «газики», и самосвалы, и рейсовые автобусы. А когда заболел, все это закончилось. Остались лишь жена, да куча детей. Трое из них, теперь уже совсем взрослые. А вот младшая, родилась спустя годы, и сейчас только первый класс заканчивает.

- Нелегко было конечно, на пособие жить. Но еще сложнее для человека оставаться не у дел. Благо, что в районе стал реализовываться проект, которого все мы ждали с большим нетерпением. С одной стороны, инвалиды теперь обеспечены бесплатным транспортом. А с другой - сразу три новых рабочих места для нас открылись, как же здесь не радоваться, - говорит наш собеседник.

Затем, мы познакомились и с посадчиком - Маратом Сисенбиевым, у которого вторая группа инвалидности. Раньше, когда был здоров, он много лет работал на железной дороге, а также и водителем в одном из регионов нашей страны. Когда получил инвалидность, пытался как-то трудоустроиться. Но все работы в основном попадались временные и потому, его семье, как и семье Тулеутая, приходилось рассчитывать только на причитающееся инвалидам пособие.

- Теперь, по прошествии времени, все стало иначе. Потому, оптимизма, веры в себя у многих из нас значительно прибавилось, хочется даже и других людей, со слабым здоровьем морально и физически поддерживать. И за это, мы прежде всего благодарны нашему Президенту Н.А.Назарбаеву и верим, что все его благие начинания из года в год будут набирать все новую силу, обеспечивая всем нам - и инвалидам, и здоровым гражданам мирную и достойную жизнь, - подчеркнул помощник водителя.

Н.ИВАНОВА

ПЕНСИОННУЮ СИСТЕМУ КАЗАХСТАНА ЖДУТ НОВОВВЕДЕНИЯ

С 1 июля 2017 года пенсия будет назначаться в зависимости от стажа. Об этом недавно на брифинге в Службе центральных коммуникаций при Президенте РК на тему «О модернизации системы социального обеспечения» сообщила вице-министр здравоохранения и социального развития РК Светлана Жакупова, передает пресс-служба Министерства здравоохранения и социального развития РК.

Светлана Жакупова сообщила, что Концепция дальнейшей модернизации пенсионной системы Казахстана до 2030 года, утвержденная Указом Главы государства от 18 июня 2014 года, предусматривает: с 1 июля 2017 года изменение порядка назначения базовой пенсии в зависимости от стажа участия в пенсионной системе. При стаже участия в пенсионной системе 10 и менее лет размер базовой пенсии составит 50% от величины прожиточного минимума, и будет увеличиваться за каждый полный год сверх 10 лет на 2% от прожиточного минимума; введение нового условно-

накопительного компонента с 2018 года за счет 5% взносов работодателя от доходов работников на условные пенсионные счета, открытые в ЕНПФ. При достижении работником пенсионного возраста и наличии не менее пяти лет стажа участия размер пенсии из условно-накопительной компоненты определяется исходя из пенсионных прав, сформированных на условном пенсионном счете, и ожидаемой продолжительности жизни. Пенсия будет выплачиваться пожизненно. Она также добавила, что с мая 2015 года для граждан, проживающих в отдаленных от районных центров населенных пунктах, специализируясь АО «Казпочта» и мобильных центров обслуживания населения будет организован прием документов на назначение пенсий и пособий, а также установление инвалидности службой медико-социальной экспертизы. Обслуживание получателей услуг (прием документов и открытие счета) в местах их проживания обеспечит комфортность, упрощенный порядок, снижение затрат и времени на получение государственных услуг.

Біздің қауіпсіздік - өз қолымызда!

Республикамыздың дамуының жаңа кезеңінде ішкі істер органдарына жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау мен қамтамасыз ету, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын-алу, болдырмау, ашу және тергеу, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың профилактикасы бойынша функциялар жүктелген.

Жоғарыда аталған міндеттерді жүзеге асыруда жалпы қоғамның, оның ішінде әрбір азаматтың алатын орны ерекше, себебі қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша функцияларды жүзеге асыруға халықты жұмылдыру, әрдайым өз пайдасын тигізетіні мәлім. Осыған байланысты және мемлекет Басшысының халық арасында «Тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік» ояту туралы жолдауы аясында, біз «Көршілер бақылауы - тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік» профилактикалық бағдарламасын әзірлеп, аудан әкімінің қолдауымен 2015 жылдың 1 сәуірінен бастап, оны Үш-төбе қаласында іске қостық. Бұл бағдарламаның басты мақсаты: жеке мүлктің қауіпсіздігі, тұрғындардың қауіпсіз

өмір сүру ортасын қалыптастыру, әлеуметтік белсенділікті, бірлікті, көршілерге қамқорлықты арттыру, полиция мен тұрғындар арасында өзара әрекеттестік пен сенімнің көтеру, сондай-ақ құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын-алу бойынша пәтер иелерінің кооперативтерімен әрекеттестікті жандандыру.

Жұмыс қағидасы оңай, біздің қаламыздың әрбір тұрғыны жасалып жатқан құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың куәгері болса таңертенгі сағат 09:00-ден кешкі сағат 21:00-ге дейін 2-17-78 байланыс телефонына ал сағат 21:00-ден 23:00-ге дейін 2-10-02 телефонына қоңырау шалып, көргені жайлы хабарлай алады. Жеке мәліметтерді, яғни тігін, аты-жөнін және мекен-жайын атауға

міндетті емес, бастысы құқық бұзушылық орнын атаса жеткілікті. «Көршілер бақылауы - тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік» бағдарламасы азаматтардың өздерін және жақындарын қауіпсіздендіруге көмек көрсетуге бағытталған. Осы бағдарламаның нәтижелі жүзеге асуы біздің ауданымыздың тұрғындарын қылмыс пен күреске және құқық бұзушылықтардың профилактикасына жұмылдыруды жандандыруға мүмкіндік беретін болады.

Қаратал АІІБ-нің әкімшілік полиция бөлімшесі



Еске алу

Өткен аптада қалалық саябақта Ұлы Отан Соғысының ардагері және ішкі істер мен білім салалары қызметтерінің үздігі Ахмет Әбдіқұлов сынды айтулы ерді еске алуға арналған футбол турнирі жалауын түсірді.

ЕРЛІКТІ ӘСПЕТТЕГЕН ТУРНИР

Шара деңгейіне сай әсем безендірілген алаң төріне, ашылу рәсімінің салтанатына аудан әкімдігінің, облыстық басқарма мен аудандық ішкі істер және спорт бөлімдерінің өкілдері, мереке иесінің отбасы мүшелері шығып жарысқа қатысушыларға игі тілектерін жеткізді. Аудандық ішкі істер бөлімі бастығының кадрлар ісі жөніндегі орынбасары, турнирді ұйымдастыру комитетінің төрағасы, полиция полковнигі Асхат Жұлынов, Республикалық «Нұр Отан» партиясының Қаратал аудандық филиалы төрағасының орынбасары Берік Абақов, аудандық ішкі істер органдары ардагерлер кеңесінің төрағасы, запастағы милиция майоры Советхан Бекмұхамедов кешегі жер дүниені сілкіндіріп өткен сұрапыл

соғыстың қан майданында, жан алысып, жан беріскен шайқастарында ерліктің озық үлгісін танытып, жау ордасын талқандаған жауынгер Ахмет Әбдіқұловты еске алуға арналған турнирдің Жеңістің 70 жылдық мерекесі шеңберінде ұйымдастырылып отырғанын, мақсаты әкелер ерлігін әспеттеу арқылы жас ұрпақтың бойына патриоттық рух сіңіру екенін және ұрыстардың алғы шебінде болат сауытты танкісімен жаудың құтын қашырған ардагердің өшпес ерлігі ел жадында мәңгі сақталатынын тебірене сөз етті.



Артынша әннен шашу шашылып, елінің жарқын болашағы үшін аянбай тер төккен майталман азаматтың құрметіне жарыс жалауы көтерілді. Турнирдің бас төрешісі Жоламан Дауытовтың басшылығымен сапқа тізілген 23 команда спорттық марш ойналысымен бәсеке додасына түсіп кетті. Бұрын-соңды сайысқа мұншама көп құрама қатыспағандықтан ойындар олимпиадалық жүйе бойынша өткізілді. Жеңілген командалар жа-

рыс жолынан шығарылып отырды. Осылай сүзгіден өткен төрт құрама жартылай финалда жұптасып өзара кездесулерде жеңімпазды анықтады. «Локомотив» «Айдардан» 3:1 есебі-

кубок және мактау қағазымен қатар 7 мың теңгені қалталарына басты. Жарыс барысында шеберліктерімен көзге түскен жекелеген ойыншылар да марапаттан тыс қалмай, ақшалай сыйлыққа ие болды. «Үздік қақпашы» атағын қақпасын сармайдай сақтап, сауысқандай сақ күзеткен тәжірибелі Бейсенбай Алтанхан («Локомотив») алса, «Үздік қорғаушы» номинациясында қарсыластарын алға оздырмай қозыдай көгендеген Диас Абутаев («Айдар») ерледі. «Үздік шабуылшы» болып тегеурінді қимылдары және желден жүйрік жылдамдығымен қорғаныс шөптеріне үрей тудырып, атой салған Дешан Маралбеков танылса, 5 допты қақпа торында тулатқан фрунзелик Аслан Тама-Оғлы «бомбардир» атағына қолжеткізді. Ал, «көрермендер көзайымы» жұлдесі («Нұр Отан» партиясының кубогы және 3 мың теңге ақша) ала допты ауыздықтап, әріптестеріне әдемі «пас» бере білу бары-сында, жанкүйерлерге талай мәрте қол соқтырған жаңаталаптық жас өрен Рыскелді Алтыбаевтың еншісіне тиді.



Төрешілер де сый-сияпаттан құр қалмады. Ақшалай берілген сыйлықтарды отбасы мүшелері көтеріп алды. Марапаттау рәсімін полковник А.Жұлынов бастаған, ардагер С.Бекмұхамедов қостаған азаматтар жүргізді. Шаньрақ иелері атынан Әбдіқұловтар әулетінің келіні, мәдениет саласының үздігі Светлана Мәженова, турнирді ұтымды ұйымдастыра білген аудандық ішкі істер бөлімінің ұжымына рахметін білдіріп, ескерткіш ретінде, мекеме қызметкерлері өмір айдынында тұлпар шабыс танытсын деген ақ ниетпен, көздің жауын алатын арғымақтың сұлу бейнесін сыйға тарту етті. Жарыс соңынан мейрамханада әке құрметіне үлкен ас берілді.

Жексенбек СҰЛТАНБЕКОВ

Позаботьтесь о здоровье - пройдите скрининг!

Скрининг - профилактический медицинский осмотр здоровых лиц определенного возраста для выявления факторов риска и заболеваний на ранних стадиях, с целью повышения эффективности лечения и предупреждения развития осложнений. Скрининг включает в себя: антропометрические измерения (рост, масса тела, окружность талии); измерение артериального давления.

Скринингу подлежат следующие возрастные группы: Мужчины и женщины в возрасте: 25, 30, 35, 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64; определение уровня холестерина и глюкозы крови; электрокардиография - по показаниям; осмотр кардиолога, эндокринолога - по показаниям.

Мужчины и женщины в возрасте - 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70 лет: измерение внутриглазного давления; женщины в возрасте 30, 35, 40, 45, 50, 55, 60 лет: цитологическое исследование мазка из шейки матки; кольпоскопия - по показаниям.

Женщины в возрасте 50, 52, 54, 56, 58 и 60 лет: рентгенологическое исследование молочных желез (маммография); осмотр маммолога, онколога - по показаниям.

Мужчины и женщины в возрасте 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68 и 70 лет: тестирование кала на скрытую кровь на раннее выявление заболеваний толстой кишки; эндоскопическое исследование толстой кишки (колоноскопия) - по показаниям. Скрининг проводится бесплатно в медицинской организации, к которой Вы прикреплены. Будьте ответственны за свое здоровье!

А. ЖАНКУЛДУКОВ, заместитель директора ГКП на ПХВ «Каратальская ЦРБ»

ВНИМАНИЕ, ИМЕЮТСЯ ВАКАНСИИ!

В поликлинику ГКП на ПХВ «Каратальская ЦРБ» требуется медицинский персонал:

Специалисты с высшим медицинским образованием: врачи общей практики, хирург, травматолог, лор-врач, невропатолог, кардиолог, гинеколог, нарколог, стоматолог, офтальмолог.

Специалисты со средним медицинским образованием: процедурная медсестра, участковая медсестра, кабинетная медсестра. Телефоны: 3-16-75, 8-777-225-04-94

Дүние керуен

Келін еді инабатты

Заманымыздың заңғар жазушысы, жетпіс бес деген белесті бағындырып, оқырмандарын тамсандырып отырған Мұхтар Мағауиннің барша қазақ аналарына арнаған «Қазақ әйелі – бар мұратын отбасының игілігіне байлаған, әлемдегі ең ізгі әйел. Қазақ әйелі – бар тілегін перзентінің жолына арнаған, әлемдегі ең мейірбан әйел. Ұлттың ұйытқысы, ұрпақтың анасы»,- деген габратты сөзі ардақты қазақ аналарының табиғатын жарқырата көрсетсе керек. Міне, осы ана деген ардақты ат отбасының қонағы - қызғалдақты қыздарымыздың өз теңін тауып, сүйгеніңе қосылған сәттегі босағадан келін болып аттауынан басталады. Ақындрдың «Бір шаңырақ келінсіз көтерілмей, бір кереге келінсіз керілмеді»,- дей келіп, «Анасын да осы елдің, атасын да, сыйлай бер, ажыратып жатасың ба?»,- деп жас келіннің сәлемі шаңырақтың туы екенін әспеттесе керек. Қаз дауысты Қазыбек бидің «Тату болса – ағайын жақын, инабатты болса келіннің жақын»,- дегені бар.

Әдетте батагөй ақсақалдар мен ақ жаулықты аналар, инабатты да ибалы келіндерге «келіні жақсының- керегесі алтын» деген ризашылық сезімін білдіріп жатады. Нақ осындай бағаға әбден лайықтының бірі - ауданымыздың бетке ұстар азаматы атанған Пұсырманов Асылбек келіні Ғалия Таңатарқызы болатын. Үштөбе қаласында жайқалып өскен, ол құрбыларымен №13 орта мектебін бітірген соң БҚО Орал қаласында жоғарғы оқу орнында оқып, бағдарламашы мамандығын меңгереді. Жас маман Талдықорған қаласындағы «Жетісу» ХАК мекемесінде еңбек етеді. Кейін осы қызметін Алматыда, ал бертінде «Тамас» ЖШС-да жалғастырады. Өзін іскер, илтипатшыл, тындырмалы кәсіби маман ретінде көрсете білді. Жүрек қалауымен Асқардай жар таңдады. Өсіп өнген, қанатын кең жайған Пұсырмановтар әулетіне келін болып

түсті. Ата-баба салтымен үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсете білді. Қонақ атаулыны жадырай қарсы алып, қол қусырып қызмет көрсетті. Шаңырақтың шаттығы атанды. Үлкендердің батасын алды.

«Тірліктің түп мәні-ұрпақ» - дейді халқымыз. Анасы Мақлал мен әкесі Таңатардың тәлімді тәрбиесін алған, пейілі кең, аяғы құтты Ғалия келін атасы Асылбек пен енесі Қалишаның қасиетті шаңырағын әр жылдары күміс күлкіге толтырған Медеу мен Дастан сынды сәбилерді өмірге екелді. Балаханды қазақпыз ғой, ата-ана үшін немере дегеніңіз бал шырын емес пе? Сол бал шырынды Пұсырмановтар әулетіне сыйлап, тарту ету арқылы сүйген жары Асқарды әке атандырды. Осылайша күні кешегі бала келін әдепті ана келінге айналды. Кел кәсір қуаныш құдалардың шаттығын еселей түсті. Көзінің ағы мен қарасындай болған, жас шыбықтай жайқалып өскен Медеу мен Дастанның тұсауы кесіліп, бала бақшасына барып, бір қуантты.

«Бір өкініш, бір үміттен тұратын, өмір сүру менің асыл мұратым» (Ж. Әбдірашев) дегендей, 2013 жылдың қыркүйегінде асқар таудай панасы Асылбектей ардақтысынан қапыда айырылып, қайғы жамылғаны да рас. Бір кем дүние деген осы! Қасірет бұлты сейілде-ау деген тұста 2015 жылдың бірінші жұлдызында Талдықорғанға бет алған күре жолдың бойында кенеттен болған жол апатынан өзі де көз жұмды. Тосыннан айтпай келген ажал арманы асқақ, болашағы зор жас өркеннің өмірін қиып кетті. Артында аңырап ағайын-журты қала берді. Шүкір, тауыс дейтініміз, алға апарар ұрпағы бар. Берекелі отбасының туы жығылғанмен шамшырағы маздап жануда. Бесінші сәуір күтпеген жерден келместің кемесіне мініп кеткен Ғалия келіннің туған күні. Арамызда өзі жоқ болса да еске алып, қастер тұтатын жанашыр жандардың барлығына сабырлық сақтауға тура келеді. Ибалы келін ата-анасына, өмірлік серігіне Бөліркіш шешеннің кезінде айтқан «Жанашырдың ақ сөзі өлгеніңді тірілтіп, өшкеніңді жандырап. Дос көтерер өлімді»,- деген жұбату сөзін жеткізуді құп көрдік.

Қ. ҚОНЫСҰЛЫ.

Көктем мезгілдерінде орманның өртену қаупі 40 пайызға артады. Сондықтан, өрттің алдын алу шараларын күшейту, дайындық жұмыстарын уақытылы жасауды қамтамасыз еткен жөн.

Орманды өрттен қорғау-ортақ міндет

Әсіресе, қоршаған ортаны өрттен сақтау, оның алдын алу, заңсыз кесуді болдырмауға баса назар аудару қажет. Өрттердің көбі орман қорына жапсарлас орналасқан шаруа қожалықтарының және ауыл шаруашылығы ұйымдарының жайылымдық та, шабындықтар да және өзге де өсімдік қалдықтарын жағу салдарынан болады. Сондай-ақ табиғат аясында демалушылар мен малшылардың, жергілікті тұрғындардың өрт қауіпсіздігін сақтамауы да орны толмас оқиғаларға ұрындыратын кездер аз емес. «Қазақстан Республикасының ормандардағы өрт қауіпсіздігі» ережесіне сәйкес жас қылқан жапырақты ағаштар, ескі, өртенген, кесілген ағаш қалдықтарымен дайындалған кеспе ағаштар, шөбі қурап қалған жерлер маңайында от жағуға тыйым салынады. От жағуға ең кемінде 3 метр минералдандырылған жолақтармен белгіленген алаңдарда ғана рұқсат етіледі. Жағылған от пайдаланғаннан кейін топырақпен мұқият көміледі немесе су құйылып өшіріледі. Орман мен өсімдіктерді қорғау - әрбір адамның міндеті.

Т. ӘБДІҒАЛИ, №1 айналым күтушісі

Дорогие братья и сестры!

Святая Православная Церковь г. Уштобе поздравляет с наступающими святыми днями и приглашает на богослужение в храм:

4 апреля, суббота. Воспоминание библейского события – воскресение Иисусом Христом Лазаря. В 8.30 Божественная Литургия; в 15.00 – вечернее богослужение (освящение вербы).

5 апреля – Вербное Воскресение, Вход Господень в Иерусалим. В 8.30 – Божественная Литургия.

7 апреля, вторник – Благовещение Пресвятой Богородицы. В 8.30 – Божественная Литургия.

9 апреля, четверг – Воспоминание Тайной Вечери. В 8.30 – Божественная Литургия. В 15.00 – Вечернее богослужение, чтение 12-ти Страстных Евангелий.

10 апреля, пятница – Воспоминание Святых Страстей Господа Иисуса Христа. В 9.00 – Царские часы, Вынос святой плащаницы, Плач Богородицы и Погребение святой плащаницы.

11 апреля – Великая суббота. В 8.30 – Божественная Литургия; С 16.00 до 19.00 – Предпасхальное освящение приношений; в 23.30 – Полунощница (Св. плащаница вносится в алтарь).

Ночь с 11 на 12 апреля – Праздничное Пасхальное богослужение, Праздник Святой Пасхи, Светлое Христово Воскресение, начало в 00.00ч. По окончании богослужения – освящение приношений. Телефон для справок: 2-53-45.

ҚАРАТАЛ АУДАНДЫҚ СОТЫНЫҢ ХАБАРЛАНДЫРУЫ

Қаратал аудандық соты билігінің беделін, ашықтығы мен тиімділігін арттыру мақсатында өз ғимаратында **сәуір айының 07 және 21-і күні сағат 09:00-13:00-ге дейін «Ашық есік күні»** өткізілетіндігін хабарлайды. Сонымен қатар, Қаратал аудандық сотының төрағасы **Жарас Себжанұлы Арыстанбеков** азаматтарды әр сейсенбі мен сәрсенбі күндері сағат 9.00-дан 12.00-ге дейін, бейсенбі мен жұма күндері сағат 9.00-дан 17.00-ге дейін қабылдайтынын хабарлаймыз. Сенім телефоны: **2-21-47**.

Соттың мекен-жайы: **Үштөбе қаласы, Абылай хан көшесі, 70 «а»**
Е. ТАСБОЛАТОВ, Қаратал аудандық сотының баспасөз қызметі

Железнодорожный транспорт занимает ведущее место в транспортной системе Республики Казахстан. Обеспечение надежного общественного порядка на объектах железнодорожного транспорта является одним из важных условий его нормального функционирования.

Будьте бдительны на железной дороге

Под охраной общественного порядка на железнодорожном транспорте принято понимать систему мер по осуществлению надзора за соблюдением правил, действующих на его объектах, которые обеспечивают нормальное функционирование средств транспорта и обслуживания его систем.

Сотрудниками ЛОП на станции Уштобе постоянно проводятся профилактические беседы и лекции, собрания, встречи с жителями домов, расположенных рядом с железной дорогой о недопущении подкладыванием посторонних предметов на железнодорожные пути, разоборудования средств связи и сигнализации, а также их последствия. Уважаемые граждане! Еще раз предупредждаем Вас, что железная дорога является зоной повышенной опасности! Переход через рельсы должен осуществляться в строго отведенных местах (железнодорожные переезды, переходные пешеходные мосты), с соблюдением мер безопасности.

Н. ЕСИМБЕКОВ, старший инспектор ОАП ЛОП на станции Уштобе, капитан полиции

